

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бүйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 303 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 24 мамырда № 13734 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 19 шілдедегі № 265 бүйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 19.07.2024 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 30 маусымда № 11507 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

осы бүйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабы 1) тармақшасына және 9-бабының 4-тармағына сәйкес";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 76-1-тармақпен толықтырылсын:

"76-1. Электрондық өтінім Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның маманы келіп түскен құжаттар топтамасын тексереді. Құжаттар топтамасының толық түспегені анықталған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 19-1-қосымшага сәйкес нысан

бойынша жоқ құжат көрсетілген Мемлекеттік корпорация қабылдаған құжаттарды қайтару туралы хабарламамен қоса құжаттардың топтамасын электрондық өтінімді қарамастан қайтарады. Хабарлама балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган маманының ЭЦҚ-сымен күеландырылады.

Мемлекеттік корпорация балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органнан Мемлекеттік корпорация қабылдаған құжаттарды қайтару туралы хабарлама келіп түсken күннен бастап бір жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген себептерді ескере отырып, құжаттар топтамасын қалыптастырады және өтініш беруші түпнұсқада ұсынған өтініштің, құжаттар мен мәліметтердің электрондық көшірмелерін қамтитын электрондық өтінімді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған электрондық құжаттарымен мәліметтерін балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға жібереді.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 19-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының назарына жеткізуді;

6) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3), 4) және 5)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А.Мамытбеков

2016 жылғы 26 сәуір

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

2016 жылғы 20 сәуір

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму

министрінің 2016 жылғы

20 сәуірдегі № 303

бүйрығына қосымша

Балалы отбасыларға берілетін

мемлекеттік жәрдемақыларды

тағайындау және төлеу қагидаларына

19-1-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік корпорация қабылдаған құжаттарды қайтару туралы**

**№ \_\_\_\_\_ хабарлама 20\_\_ жылғы "\_\_\_"**

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Тұған күні \_\_\_\_\_

— Мынадай құжаттар: \_\_\_\_\_

—

---

себебінен  
қайтарылды.

(себебін көрсету)

Хабарлама жауапты тұлғаның Электрондық цифрлық қолтаңбасымен  
куәландырылған

---

(жауапты адамның лауазымы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК